




ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Француздық антропология мектебі





Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Француздық антропология мектебі
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

Мақсаты: «Тарихи антропология» құрамындағы басты мәселелердің бірі француздық антропология мектебі. Белгілі дәрежеде қазіргі тарихи антропология аталатын ғылымның саласының пайда болуына да осы мектеп әсер етті. Бұл дәрісте француз тарихи антропологиясының басты өкілдерінің еңбектері туралы айтылады.

Негізгі идеялары:

1. Ментальдық тарихынан тарихи антропологияға

(«Анналдар» мектебінің дәстүрі)

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Француздық «Анналдар» мектебі туралы соңғы бірнеше онжылдықта орыс тілінде аз жазылған жоқ, орыс тіліндегі жұмыстардың нақты библиографиясын қарасаңыз да болады; осы мектептің көрнекті өкілдері кітаптарының тұтас бір қатары орысша аудармасымен жарияланды. Сондықтан ол қандай да бір арнайы таныстыруға мұқтаж емес. Өкінішке орай бұл кітаптар қазақ тілді оқырманға әлі де жеткен жоқ. Бізді бұл арада «Анналдар» тарихының тек екі жағы қызықтыратын болады: осы бағыт тарихшыларының оның белгілі бір кезеңінде тарихи антропологияға бетбұрысы және осы орайдағы ментальдық тарихының ролі.

«Анналдар» мектебі тарихшыларының бірнеше ұрпағы осы журналдың негізін қалаған Л.Февр мен М.Блокты рухтандырған идеалға, - түбегейлі немесе бәрін тегіс қамти алатын тарих идеалына адал болып қалды. Алайда осы идеалға сай болуды «анналистер» әр кезеңде әртүрлі түсінді.

М.Блоктың көрнекті жұмыстарының бірі - 1974 жылы шыққан «Короли-чудотворцы» кітабы Англия мен Францияда Ортағасырлардан бастап XVIII ғасыр бойы өмір сүрген корольдік биліктің бұрын-соңды болып көрмеген ғажайып сипаты туралы түсінікті, соның ішінде әсіресе корольдердің құлақтан ірің ағатын ауруды қолын қою арқылы жазатын қасиетіне деген сенімді зерттеуге арналды. Бұл мәселеге жан-жақты талдау жасалды: М.Блок бұлайша емделу дәстүрін XI-XII ғасырлардағы бастауларынан бастап (қазіргі зерттеушілер бастапқы мерзімді жүз жыл алдыға, XIII ғасырдың ортасына қарай жылжытуға бейім), Ағартушылық кезеңіндегі көмескіленген шағына дейін қарастырды; ол бұл рәсімнің ерекшелігін ортағасырлық ескерткіштердегі кескіндер мен монархиялық аңыздардағы сипаттамалар бойынша зерттеді, бірақ негізінен, монархиялық биліктің сакральді сипаты туралы түсінікпен байланысты, «корольдік ғажайыпқа» деген сенімнің өзіне көңіл бөлінді. Блоктың пікірінше, бұл сенім «дүниетанымның тұтас тұжырымдамасынан қол үзген жоқ». Шын мәнінде, әңгіме - бүгінгі ғылымда ментальдық деп аталып жүрген нәрсе жөнінде; бірақ М.Блок *mentalite* деген сөзді сирек қолданды, оның орнына «ұжымдық түсінік», «ұжымдық сана», тіпті «ұжымдық қиял» деп айтқанды жөн көрді. Терминологиялық нақтылық - қалыптасқан бағыттың белгісі, М.Блоктың кезінде ол енді ғана пайда бола бастаған. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде әртүрлі елдердің көрнекті ғалымдары бір құбылысты, яғни ортағасырлық бұқаралық сана стереотиптерін барлығы қатар зерттегені көңіл аудартады; мысалы, Нидерландта 1919 жылы Йохан Хейзинганың «Осень Средневековья» - XIV-XV ғасырлардағы «өмір салты мен ойлау түрлерін зерттеу» еңбегі жарық көрді (қараңыз, орысша ауд.: М., 1988), ал Ресейде 1915 жылы Л.П.Карсавиннің «Основы средневековой религиозности в XII-XIII веках» (қайта басылымы: СПб., 1997) кітабы жарыққа шықты, онда автор «орташа діндар адам» түсінігін қолданды. Осылайша біртіндеп тарихшылар зерттеудің жаңа саласын ашты және соның артынша «ментальдық тарихы» деген французша атау орнықты.

2. «Ментальдық» терминінің мағынасы

Аударылуы қиын «ментальдық» термині (*mentalite*) «дүниетаным» ұғымына жақын мағынада, Францияда XIX-XX ғасыр межесінде кеңінен таралды, бірақ сонымен бірге, қарадүрсіндік немесе архаика реңкімен, әсіресе ұжымдық санаға қатысты қолданылды. Бұл сөз қолданысы этнологтар мен психологтардың XX ғасырдың 20 жылдары жарық көрген еңбектері арқылы орнықты: Люсьен Леви-Брюльдің бүгінгі, «өркениетті» адамның логикалық ой-санасына ізашар болған, алғашқы қауымдық құрылыс адамдарының «прологтық» ой-санасы жөнінде жазған «Первобытная ментальность» (*La mentalite primitive* (1922)) атты еңбегінде, одан кейін Шарль Блондельдің осы аттас «Первобытная ментальность» кітабында және Анри Валлонның «Первобытная ментальность и ментальность ребенка» (1928) атты мақаласында. Психологияда



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Француздық антропология мектебі
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

«ментальдық» термині көп ұзамай қолданыстан шығып қалды, есесіне тарихта және антропологияда оны ұзақ та жарқын «мансап» күтіп тұрды. XX ғасырдың 30 жылдарына дейін бұл сөзге тән болған кемсіту реңкі кейіннен сейілді, бірақ бұқаралық ой-сана мен мәдениетті элитарлы мәдениетке және идеологияға қарсы қою «ментальдық» термині астарында ұзаққа, тіпті біржолаға сақталып қалды (бұл туралы Жак Ревель ескертуін қараңыз).

М.Блоктың «Короли-чудотворцы» кітабын аздаған, бірақ көрнекті деп бағалағандарды айтпағанда (Л.Февр мен А.Пирен сияқты), тарихшы-әріптестері ұстамды түрде қабылдады; біреулер кітаптың сюжетін біртүрлі десе, енді бірі жанама деді. Ақыр соңында Блоктың өзі де экономикалық және әлеуметтік құрылымдарға бет бұрып, бұл зерттеу мәселесіне қайта оралған жоқ. Бірақ өзінің соңғы «Феодалное общество» атты іргелі еңбегіне «Особенности чувств и образа мыслей» деген арнайы тарау қосты. Мұнда ментальдық тарихы ортағасырлық қоғамның біртұтас келбетін жасауға мүмкіндік беретін синтездің бір бөлігі қызметін атқарады.

Бірақ автордың көзі тірісінде лайықты бағаланбаған әулие-корольдар туралы кітап зерттеушілер арасында тек жақында, 70-80 жылдары кеңінен танымал болды; кітаптың 1983 жылы қайта шыққан басылымына жазған алғысөзінде Ж.Ле Гофф дәл осы кітабының арқасында М.Блок тарихи антропологияның негізін салушы болып есептелетінін атап өткен.

Замандастары байқамаған немесе түсінбеген, алайда көп жыл өткеннен кейін «екінші рет туылған» әлдебір кітаптардың қайта «ашылғаны» туралы бізге осы басылым беттерінде әлі талай айтуға тура келеді: кез келген жаңа ғылыми бағытқа тән, жоғарыда сипатталған - «бұрынғы шеберлер» жұмысынан шабытттану және сүйеніш табу үрдісі осылай көрінеді.

3. Л.Феврдің шығармашылығы

М.Блоктың досы және пікірлесі Л.Феврдің шығармашылық эволюциясы басқаша болды: ол есейген шағында әлеуметтік және экологиялық тарихтан («адам географиясынан») идея, мәдениет, психология тарихын зерттеуге көшті. Әсіресе ментальдық тарихын қалыптастырудағы Феврдің үлесі зор. Бірқатар мақалаларында («История и психология» (1938), «Фольклор и фольклористы» (1939), «Чувствительность и история» (1941), ол тарихшылар, филологтар, әлеуметтанушылар және фольклористердің қатысуымен пәнаралық зерттеулердің тұтас бағдарламасын ұсынды. Феврдің ойынша, осынау ортақ күш-жігердің мақсаты, адамның тұлғасын зерттеу болуы тиіс. Оңай міндет емес: Л.Февр тарихшыларды өз ойларын, сезімдерін және жалған нанымдарын өткенге таңу әрекетінен сақтандырды; мұндай психологиялық «анахронизмді» ол кешірілмес қателік санады. Өткен дәуірлердегі адамдардың ойлау мәнері мен сезімдерінің біздің заманымызға тән дүниетанымнан сапалы түрде өзгешеленетіні туралы мәселені қоюы, және біздің уақытымыздың дүниетанымы өмірдегі материалдық жағдайларға, дінге және өзге да факторларға тәуелді екені туралы мәселені көтеруі - Л.Феврдің айрықша еңбегі. Бұл ұстанымдарды нақты зерттеу тәжірибесінде жүзеге асырудың көрнекті мысалы оның қаламына тиесілі Реформация дәуірі туралы сериялы кітаптарда және ең әуелі, «Проблема неверия в XVI веке. Религия Рабле» (1942) атты новаторлық зерттеуінде берілген.

Февр кітабы жарыққа шыққан кезде, Рабле шығармашылығына арналған көлемді ғылыми әдебиеттерде «Гаргантюа мен Пантагрюель» авторы еркін ойлы әрі атеист болып саналған болатын. Л.Февр бұл біржақты пікірге дәлелді түрде қарсылық білдірді, бұл ретте әсіресе оның зерттеу әдістемесі ерекше қызығушылық туғызады. Ол Рабленің дінге деген қарым-қатынасы туралы тұжырым жасау үшін тек оның замандастарының ғана айғақтарын зерттеу жеткіліксіз екенін көрсетті. XX ғасырда анархизмге немесе коммунизмге айыптау қандай жеңіл болса, XVI ғасырда «атеист» сөзін де жапсыра салу сондай оңай болатын. Тарихшы аталған проблеманы шешудің анағұрлым қиын және сонымен бірге мейлінше нанымды жолын тандайды: Февр дәуірдің рухын (esprit), оның «ақыл-ой құралдарын» (outillage mental - Л.Февр енгізген термин) түсінуге және зерттеуге ұмтылады. Рабле мен оның замандастарында осы материал арқылы әлемнің жаңа бейнесі қалыптасатындай тіл және түсінік болды ма әрі одан рационализм мен атеизм пайда болуы мүмкін бе? Ғалым бұл сұраққа жоқ деп жауап береді: оның зерттеуінше, XVI ғасыр тұтастай алғанда ортағасырлық бейнесін әлі сақтап қалған, ол дәуірге дін дендей енгендіктен, нағыз атеизмге ол жерде орын болған жоқ.

Феврдің «Проблема неверия в XVI веке» атты кітабы қашаннан-ақ классикалық болып саналады және ол дұрыс та. Соған қарамастан оның авторы тарапына кінә да айтылады. Мысалы, К.Гинзбург «ментальдық» Феврда тапсыз ұғым ретінде көрінеді және тұтас дәуірдің «ментальді координаталары» білімді адамдардың



жұқа қабатын зерттеу негізінде анықталады деп атап өтті. Рабле туралы кітапта XVI ғасырдағы француз қоғамының әлеуметтік құрылымы көрсетілмеген, әлеуметтік қатынастар мен топтардың әлеуметтік ментальдыққа ықпалы ескерілмеген дей келе, бұл пікірмен А.Я.Гуревич те келісті. Біздің алдымыздағы - көбінесе шынайы новаторлық зерттеулерге тән болып келетін, айқын біржактылықтың жарқын үлгісі болуы мүмкін. Тұлғаның өзі өмір сүрген дәуірге физикалық қана емес, сонымен бірге мәдени, рухани тәуелділігіне сараптауға қатысты айтар болсақ, бұл арада Февр еңбектері жоғарғы үлгі мағынасына ие. Алайда ғалымдардың келесі буынының оның зерттеу әдістемесіне түзету енгізіп, анағұрлым сараланған тәсілдер қалыптастыруға ұмтылысы да сондай табиғи.

М.Блок еңбектерінде, әсіресе әулие-корольдар туралы ертедегі кітабында ментальдық саласымен қатар (әрине, осы тақырыпқа оның досы, «Анналар» құрылтайшыларының бірі енгізген тұжырымдамасыз), антропологиялық бағытқа да ерекше қызығушылық көрініс тапса, Л.Февр ментальдық тарихын антропологиямен емес, психологиямен бірлікте зерттегенін атап өту маңызды. Соғыстан кейінгі жылдары Февр ірі француз тарихшысы, құрылған «Анналар» мектебінің көшбасшысы болғаны даусыз (М.Блок 1944 жылы қаза тапты), 60-70 жылдардағы бірқатар француз тарихшыларының, әсіресе Робер Мандру, Филипп Арьес, Жан Дельюмо еңбектерінде ментальдық тарихы пәнінің психологиялық тұрғыда түсіндірілуінен оның ықпалы сезіледі.

4. XX ғасырдың екінші жартысындағы тарихшылар

Соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықтарда Францияда тұтастай экономикалық тарих салтанат құрды, алайда бірқатар тарихшы-аграрийлар (олардың арасында Ж.Дюби және Руа Ладюри де бар) ментальдық тарихынан өздері айналысып жүрген нәрсеге «жан бітіру» жолын тапты; олар экономикалық үдеріске қатысушылардың өздерінің күйзелісі мен ұғымдарын түсіне алды. Ж.Дюбби атап өткендей, аграрлық тарихтың бұлайша қайта бағдарлануына әлеуметтік антропология айтарлықтай ықпал етті. 70 жылдарға дейін жаңа бағыт ретінде «тарихи антропология» ұраны көтерілмесе де, шын мәнісінде, 50-60 жылдары аграрлық тарих елеусіз түрде «антропологияландырылды», жаңа тәсілдер көбінесе сол кезде өзінің гүлдену дәуірін басынан өткерген ментальдық тарихымен байланыстырылды.

«История и ее методы» энциклопедиялық ірі анықтамалығында 1961 жылы Ж.Дюбидің «История ментальностей» атты бағдарламалық мақаласының жарық көруі осы жаңа бағыттың академиялық түрде мойындалуының белгісі болды.

Тарихи білімнің «ментальдық» тарихы мәселесіне қосылуына орай түрленген тағы бір дәстүрлі сала - демографиялық тарих. Бұл пән жөніндегі әдеттегі түсінік - туу және өлім-жітім, некеге отыру, т.б. көрсеткіші сияқты сандар мен есептеулермен байланысты. Осыдан аз ғана уақыт бұрын зерттеушілер өздері қарастыратын құбылыстың, мысалы, өткен дәуірлер адамдары дүниеге келу мен қайтыс болуға, аурулар мен кәрілікке, балалар мен әйелдерге қалай қарады деген сияқты субъективті жағына көп көңіл бөлмейтін.

Аталған мәселелердің көпшілігінің зерделенуіне Ф.Арьес айтарлықтай үлес қосты. Бұл проблемалардың барлығы антропологияға тікелей қатысты болса да, ол оны бұл тұрғыда қарастырмады, негізінен, бұқаралық сана эволюциясына, нақтырақ айтқанда, ментальдық тарихына тоқталды. Арьестің танымал болған бірінші кітабы - «Ребенок и семейная жизнь при Старом порядке» атты зерттеуі (1960, 2-басылым, - 1973). Бүгінде бұл кітаптың орысша аудармасы бар [39], сондықтан мазмұнын қайталап айтудың қажеті жоқ. Есесіне, бұл еңбектің новаторлық сипатын атап көрсеткен маңыздырақ. Ең бастысы, автор тұңғыш рет әр дәуірдегі балалық шақ ұғымын зерттеу нысанына айналдырды және бұл мақсатқа сан алуан дереккөздерді: әдеби мәтіндерді, иконографиялық кескінді, тіпті қабір үстіндегі мүсіндерді де пайдаланды. Арьестің «Орта ғасыр балалық шақты жас шамасына және психологиясына байланысты ерекше категория деп білмеді, балаға «кішкентай ересек адам» ретінде қарады» деген тұжырымы ғылыми ортада қызу пікірталас тудырды. Ол кезде ешкім отбасылық сезім туралы да айтқан жоқ. XIV ғасырға дейін өзгерістер байқалмайды, ал XVII ғасырда балалық категориясы «ашылады», бала «жаңа» отбасының негізі болады. Арьестің кітабынан кейін пайда болған зерттеулер тұрғысынан алғанда, оның бірқатар тезистері (мысалы, Ортағасырлар дәуірінде балаға ерекше қарым-қатынас, жалпы, аналық және әкелік махаббаттың болмағаны туралы) бүгінде құпталмайды және қайта қарауды қажет етеді. Тағылған келесі кінә да орынды: Арьесті көбінесе қоғамның әлеуметтік қабатын көзге ілмегендігі үшін сынайды; ол пайдаланған материал, негізінен, аристократияның өмірі мен тұрмысына қатысты, солай бола тұра тұжырым бүкіл қоғамға байланысты жасалады (қараңыз, мысалы, А.Я.Гурьевичтің ескертпесі). Алайда



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Француздық антропология мектебі
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

тарихшылар үшін «балалық» мәселесін ашқан дәл осы Арьес екенін және көптеген ізбасарлары мен әр елдегі сыншылардың оның салған жолымен жүріп өткенін ұмытуға болмайды.

Осынау француз тарихшысының ұзақ жылдар бойғы зерттеулерінің келесі тақырыбы - адамның өлімге қатынасының - Орта ғасырдағы (шаруалар ортасында әлдеқайда кейінірек) табиғи шарасыздықтан бастап («үйреншікті өлім») біздің заманымыздағы оны еске алғандағы қорқынышқа («өңі айналдырылған өлім») дейінгі эволюциясы болды. Арьес бұл тақырыптың тұңғыш ізашары болған жоқ, бірақ өз пікірін айтып, бірқатар құнды зерттеулер жүргізе алды. Аталған автордың алдыңғы еңбектері сияқты, «Человек перед лицом смерти» кітабы да (1977) ғылыми пікірталасқа өзек болды; сыншылар, соның ішінде М.Вовел мен А.Я.Гурьевич кейбір жағдайларда Арьестің сынға жатпайтын дереккөздерді пайдаланғанын және оның өзі зерделеп отырған мәселенің әлеуметтік қырын көргісі келмейтінін ерекше атады (қараңыз, А.Я.Гуревичтің Арьес кітабының орысша аудармасына алғысөзі).

60-70 жылдары ментальдық тарихы француз тарихнамасында жетекші бағытқа айналды; новаторлық жұмыс авторларын әр алуан тақырыптар бойынша өзіне магнитше тартты. Аграрлы және демографиялық тарихқа ене отырып, ментальдық мәселесінің дін мен мәдениет тарихын да қозғамауы мүмкін емес болатын. Тарих ғылымының бұл саласында Л.Февр ықпалы ерекше білінді. Оның шәкірті Р.Мандру Ж.Дюбимен бірге 50-60 жылдардағы ментальдық тарихын зерттеу ісін жандандырды. Р.Мандрудың көрнекті жұмыстарының бірі - «Магистраты и колдуны во Франции в XVII веке. Анализ коллективной психологии» (1968). Автордың таңдалып алынған тақырыпты антропологтар көптен бері әрі жемісті түрде зерттеп жүрген сиқыршылық құбылысына табиғи түрде сәйкесетін антропология емес, тарихи психология арнасында түсіндіруі Р.Мандруды ұстазы Л.Феврмен ғана емес, сондай-ақ Ф.Арьеспен де жақындастырады. Алайда айтарлықтай бір ерекшелік бар: автор қоғамның әлеуметтік жіктелуін мұқият ескереді, ол халықтық наным-сенім өзгерістерін, нақтырақ айтқанда, антропологиялық аспектіні саналы түрде елемейді және өз зейінін зиялы топ - сол кезеңде сиқыршылыққа айыпталған адамдар тағдырын шешкен заңгерлер, магистраттар психологиясын зерттеуге шоғырландырады. Зерттеу тақырыбының өзі Р.Мандрудің ойына Феврдің Жан Боден сияқты данышпандардың өзі жын-періден үрейленіп, сиқыршылардан келетін қауіпке сенгеніне қатысты парадокске мән беретін «Колдовство: глупость или переворот в сознании?» (1948) атты мақаласының себебінен туындаған. Бұл өз кезегінде Мандрудың өз зерттеуін бастайтын санақ нүктесі іспетті болды және онда ол ақыл-ойдағы бұл революцияның қалай өткенін, сиқыршылар мен мыстандарды қуғындау толқынының неге XVI-XVII ғасырлар межесінде өршеленіп, кейіннен бәсеңсігенін және XVII ғасырдың соңына қарай біржола жоғалғанын анықтауға тырысады. Өз бақылауларын мұқият құжаттай отырып, автор жын-періден үрейленуді жеңуде екі фактор - дәрігерлер мен Сорбонна теологтарының дәйектері әсер еткен Париж парламентінің осы мәселеге қатысты скептикалық ұстанымы және Кольбер үкіметінің елдегі сот жүйесін орталықтандыруға тырысуы әрі соның салдарынан жергілікті соттардың астаналық жоғарғы инстанция пікіріне құлақ түруге мәжбүрлігі шешуші маңызға ие болған деген тұжырымға келеді. Мандру тұжырымдары мейлінше нанымды, алайда автор өз жұмысында үнемі қолданатын «менталды құрылым» термині бұл жерде артық және ештеңе түсіндірмейтін тәрізді. Автор нанымды түрде көрсеткен соттың «айықтыру» үдерісі барынша оңтайлы (ментальдық толықтай түсінікті деуге келмейтін, бақылаусыз әлденені білдіреді), ал бұқара ментальдығы зерттелінген кезеңде қатты өзгере қойған жоқ: барлық мәселені жоғарғы биліктің араласуы шешті.

Франциядағы ментальдық тарихының шүбәсіз жетістігі мен оған шет елдерден білдірілген қызығушылыққа қарамастан, Ж.Ле Гоффың ментальдық туралы 1974 жылы: «...ол сәннен шығып қалған сияқты» деген пікірі біртүрлі қызық естілді. Автор осы бұлдыр әрі «екіұшты» ұғымды қорғап, пікір білдірсе де, мақаласының басында өзі осындай «диагноз» қоюына бәрібір біраз негіз болды. Мәселе сонда, оның ментальдық тарихын ығыстырып шығаратынын, тіпті болмаса шеттететінін болжау мүмкін болмай тұрғанына қарамастан, 70 жылдардың басынан бастап француз тарихшылары тарихи антропология жөнінде айта бастады.

1972 жылы Ж.Ле Гоффың өзі Ф.Бродельдің құрметіне жарияланған жинаққа «Историк и человек повседневности» атты мақала жазып, тарих пен этнологияның жақындасу үрдісін атап көрсетті және «этнологиялық тарихтың» біртұтас бағдарламасын ұсынды. 1977 жылы ол бұл мақаланы «Тарихи антропологияға» (*Vers une anthropologie historique*) (орысша ауд. қараңыз) айдарымен өзінің «Другое средневековье» атты жинағына қосты. Сонымен этнотарих, тарихи антропология... жаңа бағытқа атау іздеу жаңа тәсілдерді талқылаумен қатар жүрді: мысалы, 1974 жылы «Анналар» журналының арнайы номері «За антропологическую историю: понятие взаимного обмена» деп аталды және тарихтағы экономикалық антропология мәселелеріне арналды. Ақырында, 1978 жылы «Новая историческая наука»



энциклопедиялық сөздігінде А.Бюргердің жоғарыда аталған «Историческая антропология» деген мақаласы жарияланды. Сол анықтамалықта Ф.Арьес жазған ментальдық тарихы жөніндегі мақала да жарық көргендіктен, оқырман мұны әртүрлі екі пән деп түсінуге тиіс болды. Мұндай жағдай «Словарь исторических наук» (1986) басылымында да кездесті, онда А.Бюргердің тарихи антропология туралы мақаласы мен Ж.Ревельдің ментальдық (Ж.Ревель мақаласының орысша аудармасы, қараңыз) туралы жазғаны қатар берілді. Бұл бағыттардың өзара байланысы мен айырмашылығы туралы күрделі сұрақ пікірталастар барысында 80 жылдары Францияда және одан сыртқары аймақтарда да тарихи антропология деп нені түсіну керек деген талқылаулар туындады.

Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Анология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. – Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып. 1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитоновна. - М., 1997.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal metodoloqu. Chicago, 1965.